



СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың 27 тамызында Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Вовышен және Чистов ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 28 тамызда өзінің отырысында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14 бабының 9) тармақшасына, 44 бабының 2 тармағына, 113-10 бабына сәйкес уәкілетті сайлау комиссияларының ауылдық округ әкімдерін сайлау нәтижелері туралы хаттамаларының негізінде сайлау қорытындыларын анықталы:

Вовышен ауылдық округі бойынша:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1473 азамат енгізілді, олардың 1048-і дауыс беруге қатысты. Округ бойынша 3 үміткер сайлауға түсті.

Есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген сайлаушылар саны – 0.

Үй-жайдан тыс дауыс берген сайлаушылар саны – 18.

Әр кандидат үшін берілген дауыстар саны:

В.В. Соколов – 763; Н.Ю. Тищенко – 89; Е.А. Умовист – 63.

«Барлығына қарсымын» белгісі бар бюллетендер саны – 85.

Виктор Васильевич Соколов, 1975 жылы туған, әкім,

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Вовышен ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Вовышен ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Тұрғылықты жері: Мағжан Жұмабаев ауданы, Вовышен ауылы, «АМАНАТ» партиясы» ҚБ мүшесі.

Чистов ауылдық округі бойынша:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 926 азамат енгізілді, олардың 715-і дауыс беруге қатысты. Округ бойынша 3 үміткер сайлауға түсті.

Есептен шығару куәліктері бойынша дауыс берген сайлаушылар саны – 0.

Үй-жайдан тыс дауыс берген сайлаушылар саны – 21.

Әр кандидат үшін берілген дауыстар саны:

Д.Т. Исмағамбетов – 70; Р.М. Қонаев – 62; Р.Т. Хасенов – 505.

«Барлығына қарсымын» жолында белгісі бар бюллетендер саны – 52.

Рашид Төлеуұлы Хасенов, 1965 жылы туған, әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Чистов ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Тұрғылықты жері: Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, «АМАНАТ» партиясы» ҚБ мүшесі.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ ВОЗВЫШЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45-бабына, 113-11-бабына сәйкес, 2023 жылғы 28 тамыздағы шешімімен Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Вовышен ауылдық округінің 2023 жылғы 27 тамызда сайланған әкімі 1975 жылы туған Виктор Васильевич Соколовты тіркеді, әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Вовышен ауылдық округі әкімінің аппараты», Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Вовышен ауылы, «АМАНАТ» партиясы» ҚБ мүшесі.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫ ЧИСТОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 45-бабына, 113-11-бабына сәйкес, 2023 жылғы 28 тамыздағы шешімімен Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округінің 2023 жылғы 27 тамызда сайланған әкімі 1965 жылы туған Рашид Төлеуұлы Хасеновты тіркеді, әкім, «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы Чистов ауылдық округі әкімінің аппараты», Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, «АМАНАТ» партиясы» ҚБ мүшесі.

Мағжан Жұмабаев аудандық сайлау комиссиясы.

«АЗАТ ЕЛДІН АР НАМЫСЫ - АТА ЗАҢ»



29 тамыз күні аудандық Мәдениет үйінде мемлекеттік мереке - Конституция күніне арналған салтанатты жиын өтіп, оған барша мағжандықтар мен қонақтар қатысты.

Іс-шара айбынды Әнұранның орындалуымен басталып, алғаш құттықтау сөзі аудан әкімі Қайрат Омаровқа берілді.

Құрметті мағжандықтар! Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! 1995 жылы тәуелсіз еліміздің халқы өз тарихи тандауын жасап, жалпы халықтық референдумда негізгі Заңымыз қабылданып, еліміздің даму перспективасы анықталды. Азат елдің Ата Заңы ұлан-байтақ қазақ даласының татулығы мен біртұтастығын сақтауға арналған басты құжатымыз. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы Конституцияға құрметпен қарауы тиіс. Себебі Ата Заңымыздың арқасында еліміздің іргесі бекіді, бейбітшілік пен келісімнің үлгісін көрсетіп, Қазақстан жүздеген ұлт өкілдерінің аяулы атамекеніне айналды. Ең бастысы, халықтың әл-ауқаты артып, тұрмысы түзелді. Қадірлі жерлеріміз Барша халықтың мерекесі, елдігіміздің тұғыры, тәуелсіздігіміздің тірегі – Ата Заңымыз мәңгілік болсын! Конституция күні құтты болсын! Сіздерге мықты денсаулық, баянды бақыт, толағай табыс, әрбір шаңыраққа құт-береке тілеймін, – деді Қайрат Қайроллаұлы.

Сахна төрінде жылы лебізін білдірген аудан басшысы бірқатар азаматтарға көпжылғы адал еңбегі мен Конституция күнін мерекелеуге орай Құрмет гра-

моталары мен Алғыс хаттарын салтанатты түрде табыс етті.

Атазаңның құрметіне орай ұйымдастырылған мереке одан әрі ауданға танымал көркемөнерпаздардың дайындаған концерттік бағдарламасына ұласып, жиналған жұртшылық патриоттық өңдерді тыңдап, мерекелік көңіл күйге бөленді.

Биыл беделі мен мазмұны, атқаратын міндеті мен мәні ерекше, елдегі барлық құжаттың қайнар көзі - Ата заңымыздың қабылданғанына 28 жыл толып отыр. Конституция - біздің негізгі Заңымыз, тұрақтылық, бейбітшілік және ауызбіршілігіміздің кепілі, жасампаздық пен өркендеудің нышаны. Тәуелсіз мемлекеттің демократиялық дамуына, қанатын кеңге жаюына, өркениетті елдердің сапынан көрінуіне еліміздің асыл тірегі - Конституцияның тигізер ықпалы зор.

Тәуелсіздігіміздің тірегіне айналған Ата заң - мемлекет пен қоғамда орын алып отырған барлық саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалардың ілгері басуына, дамудың қайнар бастауына айналды. Біздің басты міндетіміз - Конституциямыздың маңыздылығын бір сөтке де жоғалтпай сақтау.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

Суретті түсірген Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАМУ»



29 тамыз күні аудандық Мәдениет үйінде дәстүрлі Тамыз конференциясы өтіп, биыл ол «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, әділ ұрпақ, табысты ұлт» тақырыбына арналды. Маңызды басқосудың басты міндеті – өткен оқу жыл қорытындыларын талдау, өзекті міндеттерді түсінуге, жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған жоспарлар мен перспективаларды анықтау. «Педагогикалық кадрларды дамыту» атты тақырыпқа арналған пленарлық отырыс жұмысына аудан әкімінің орынбасары Азамат Шеріпов, облыстық білім басқармасының, облыстық білім қызметкерлері кәсіподағының және ата-аналар қауымдастығының өкілдері, білім саласының мамандары, мектеп директорлары мен ұстаздар қауымы қатысты.

Конференция Сарытомардан келген домбыра үйірмесінің орындауындағы күймен ашылып, мағжандық оқушылардың өртүрлі байқауларда қол жеткізген жетістіктеріне арналған көрмемен жалғасты. Сахнада Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп пен Медвежья орта мектебінің оқушылары өнер көрсетіп, балғындар үш тілде өлең оқып, жұртшылықты тамсандырды.

Пленарлық отырысты аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Талғат Қарабаев ашып, жүргізіп отырды.

Тамыз педагогикалық конференциясы - жаңа оқу жылының бастапқы әлеуетін талқылауға, педагогикалық жұртшылықты толғандыратын мәселелерді көтеруге, жақында бізден инновациялық идеялар мен стандарт-

ты емес шешімдерді көбірек талап ететін білім беруді жаңғырту міндеттерін шешудегі бірлескен жетекшіліктің проблемаларын талқылауға жақсы мүмкіндік, – деді Талғат Болатұлы өз сөзінде.

Мағжан Жұмабаев ауданында жалпы білім беретін 40 мектеп, 39 мектеп жанындағы шағын орталық, 3 балабақша, 4 қосымша білім беру ұйымы бар.

Мектепке дейінгі білім беру еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі негізгі буын болып табылады. Мектепке дейінгі жаста балалардың алғашқы жеке қасиеттері қалыптаса бастайды, оларға мыналар жатады: белсенділік, бастамашылық, тәуелсіздік, дәлдік, қызығушылық, ашықтық.

Жалғасы 2-бетте.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАМУ»

Жалғасы, басы 1-бетте.

Ауданда 0 жасан 6 жасқа дейінгі балалар саны - 2050, 3 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту - 100%, 1 жасан 6 жасқа дейін 96,4% қамтамасыз етілген. 2022-2023 оқу жылында балаларды 2 жасан бастап мектепке дейінгі тәрбиенен және оқытумен қамтамасыз ету міндеті қойылды. Бүгінгі таңда 2 жасан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту пайызы 98,4% құрады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы желісі 41 бірлікті құрайды. Оның ішінде 3 балабақша (1 жеке меншік «Алтын күн» балабақшасы - 45 орын, «Балалар» (Қарақоға ауылы) - 49 орын, Возвышенка ауылының «Бөбек» - 48 орын, 2 мектеп-балабақша кешені (Булаев мектеп-балабақша кешені - 90 орын, Таман мектеп-балабақша кешені - 13 орын, 36 шағын орталық (28 - толық күнімен, 13 - толық емес күнімен). Жаңа оқу жылында 972 бала мектепке дейінгі ұйымдарға қабылданды, оның ішінде 272 мектеп жасына дейінгі бала мектепалды даярлық сыныбына қабылданды.

Ауданның мектепке дейінгі білім беру жүйесінде барлығы 177 педагог өз қызметін жүзеге асырады, оның ішінде жоғары білімі бар - 89 педагог, орта арнаулы - 88 педагог. Жоғары санатты - 5, бірінші санатты - 2, екінші санатты - 18, санатсыз - 66 педагог, педагог модератор - 65, педагог сарапшы - 15, педагог - 6.

Балаларды мектепке дейінгі сыныпқа қабылдау MektapSmartNation жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Балабақшалар мен шағын орталықтарға мектеп жасына дейінгі балалар balabaqshasmartnation порталы арқылы қабылданады.

Кез-келген білім беру ұйымының жұмыс сапасы педагог кадрлардың кәсібилік деңгейіне тікелей байланысты. Сондықтан педагог қызметкерлердің білім деңгейіне ең жоғары талаптар қойылады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша тамыз кенесінде еңбек жолын 1 қыркүйектен жаңа бастап жатқан жас мамандарды қарсы аламыз. Болашағы зор, идеяларға толы, жүрекері мен көздері жанған жас ұстаздар біздің аудан мектептерін толықтырады. Биыл ауданымызға 30 жас маман келіп отыр. Сондықтан жас мұғалімдерге сәттілік тілейміз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарына сәйкес әрбір педагог біліктілікті арттыру курстары арқылы өз білім деңгейін 3 жылда кемінде 1 рет арттыруы тиіс, бүгінгі таңда мұғалімдерді курстық даярлау жоспары 100% орындалды. Алайда, барлық пән мұғалімдерінің басты міндеті білім алушылардың білім сапасын арттыру болып қала береді.

ЖМБ пәндері бойынша білім сапасы - 71,4%, үлгерімі-100% құрады. ҚКБ пәндері бойынша білім сапасы - 70,4%, үлгерімі - 100%. Алайда, аудан бойынша жалпы үздік оқушылар мен екінің бірі санына сүйеніп отырып, білімнің жалпы сапасы небәрі 57,2% құрады.

Жалпы білім беру сапасын анықтайтын негізгі бағалау процедурасы - түлектердің қорытынды аттестаттауы болды және солай қала береді.

2022-2023 оқу жылында 354 білім алушы 9-сыныпты бітірді, оның 51-і қазақ тілінде, 303-і орыс тілінде. Қорытынды аттестаттауға 345 білім алушы, 9-ы емтихандардан босатылды, оның ішінде 5-уі - білім басқармасының бұйрығымен, 4-уі ұйымдардың педагогикалық кеңестері бойынша.

Ауданның 15 білім алушысы негізгі орта білім туралы үздік аттестат алғаны растады.

11 сыныпты 2022-2023 оқу жылында 164 түлек бітірді, оның 28-і қазақ тілінде, 136-сы орыс тілінде. 155 білім алушы қорытынды аттестаттаудан өтті, 3-уі білім басқармасының бұйрығымен емтихандардан босатылды. Ауданның 6 білім алушысы жалпы орта білім туралы үздік аттестат алғаны растады.

Алтын белгі аттестатын және Алтын белгі белгісін Возвышенка орта мектебінің түлегі Ысқақова Альбина Маратқызы растады.

Барлық қорытынды емтихандар білім беру ұйымдарының оқушыларын қорытынды аттестаттау қағидаларына сәйкес өткізілді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу және оның нәтижелері мектептердің, мұғалімдердің, білім алушылардың және ата-аналардың бүкіл оқу кезеңіндегі қызметін бағалаудың бір түрі болып табылады.

Тестілеу 16 мамыр мен 5 шілде аралығында өтті. Тіркелген 105 оқушының 101-і тестілеуден өтті. Орташа балл - 75,47 құрады.

Ең жоғары орташа баллы бар мектептер: «Таман мектеп-балабақша-бөбекжай кешені» КММ (96,8 б.), «Ұзынкөл орта мектебі» КММ (94 б.), «Октябрь орта мектебі» КММ (89 б.), «Полудун орта мектебі» КММ (80,6 б.), «Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы» КММ (80 б.).

«Таман мектеп-балабақша-бөбекжай кешені» КММ түлегі ең жоғары балл - 118 балл (Черныш Андрей) жинады.



100 және одан да көп балл жинаған 6 оқушы болды, олар «Ұзынкөл орта мектебі» КММ: Вовчок Кирилл - 108 б.; Луговой Петр - 103 б.; «Таман мектеп-балабақша-бөбекжай кешені» КММ Черныш Андрей - 118 б.; Шония Дарья - 101 б.; Воробьев Евгений - 100 б.; «Возвышенка орта мектебі» КММ Ысқақова Альбина - 107 б.

2022-2023 оқу жылында ауданның оқушылары мен ұстаздары облыстық және аудандық олимпиадаларға, республикалық және облыстық байқауларға, ғылыми жобалардың қорғауға қатысып, жүлделі орындарға ие болғанын атап өткен жөн.

Қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, дарынды балалармен жүргізілетін жұмысты күшейту қажет.

2023-2024 оқу жылының өрекшеліктеріне тоқталсақ, жалпы орта білім деңгейі бойынша:

1-2 сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері, 3-4 сыныптарда - «Көркем еңбек» интеграцияланған пәні оқытылады.

Қазақ тілінде оқытатын мектептерде 1 сыныпта «Әліппе», «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныпта «Орыс тілі» пәні оқытыла бастайды.

Жоғары сыныптарда ағылшын тілі бойынша оқу жүктемесі 1 сағатқа ұпайылды.

Академиялық жылды негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім деңгейінде аяқтаған кезде қазақ тілі бойынша емтихан өткізілген.

2022-2023 жылдары жазғыс-шаралардың барлық түрлерімен 2864 бала қамтылды, бұл 1-10 сынып оқушыларының жалпы контингентінің 87%-ын құрайды.

Қаота бойынша республикалық сауықтыру лагерлерінде «Қазақстан халқы» ҚБ қорының есебінен ауданымыздың 22 баласы «Эдельвейс-Бурбай» балалар лагерінде демалды.

19 маусымда «Аққайың» балалар сауықтыру лагерінің ашылуы өтті, онда 294 оқытушы демалды (4 маусымда). Оқушылардың бойында толеранттылықты және қазақ халқының салт-дәстүрі мен мәдениетіне құрметпен қарауды дамыту мақсатында маусым айынан бастап «Аққайың» лагерінің базасында ауданның 840-тан астам оқушысын қамти отырып, «Этносуалы» ұйымдастырылды.

Сондай-ақ маусым - тамыз айлары аралығында Мағжан Жұмабаев ауданының балалары Петропавл қаласының көрікті жерлеріне экскурсияға барды - 211 білім алушы, Астана қаласына - 52 оқушы, Бұрабай - 74 білім алушы, СҚО-ның киелі жерлеріне - 60 оқушы. Ауданда 301 оқушыны қамтитын «Алтын Ұрпақ» балалар және жасөспірімдер шығармашылық орталығы жұмыс істейді.

Біздің ауданда 40 мектеп жұмыс істейді, оның ішінде 21 орта мектеп, 12 негізгі

мектеп, 7 бастауыш мектеп, солардың ішінде 33 немесе 82,5% шағын жинақталған. Мектептердің материалдық-техникалық базасы оқу процесінің талаптарына сәйкес келеді: ауданда апатты мектептер жоқ.

2023 жылы 4 білім беру объектісіне күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізуге 100 млн. теңгеден астам қаражат бөлінді. ал жергілікті бюджет есебінен 1 объектіге 60 млн. теңге сомасы бөлінді: «Октябрь орта мектебі» КММ күрделі жөндеу, ал 3 объектіге ағымдағы жөндеу үшін 50 млн. теңге бөлінді: Бинаш ОМ - 20 млн. теңге, Сарытомар ОМ - 11 млн. теңге, Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы - 19 млн. теңге.

Ағымдағы жылы ауданның үш мектебі - Қарағанды ОМ (химия), Сарытомар ОМ (биология), Октябрь ОМ (физика) үшін жаңа модификация кабинеттері сатып алынды.

Мағжан Жұмабаев ауданының білім беру жүйесі мекемелерінің жұмысы білім беру сапасын, білім беру ұйымдары қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған. Осы мақсаттарға жету үшін біз жаңа оқу жылында келесі міндеттерді шешуіміз керек:

1. Озық тәжірибені игеру, жалпылау және тәжірибеге енгізу бойынша жұмысты мұқият және нақты жоспарлау.

2. Дарынды балалармен және оқуға ынтасы төмен балалармен жұмысты жоспарлау.

3. Әдістемелік жұмыстың өртүрлі нысандары арқылы бейін алдындағы және бейіндік оқытуды енгізу және оқушыларды ҰБТ-ға дайындау мәселелері бойынша педагогикалық тәжірибені зерделеу, қорыту және тарату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

4. Мектептердегі жас мамандар санының артуына байланысты тәжірибе алмасу (практикалық семинарлар мен шеберлік сыныптары) бойынша жұмысты жандандыру қажет.

5. Ұяқты талаптарына сәйкес ауданның білім беру мекемелерін материалдық-техникалық қамтамасыз етуді нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру.

6. Ең бастысы, білім сапасының олқылықтарын жою және дайындық деңгейі мен оқу нәтижелерін арттыру үшін барлық күш-жігерді бағыттау.

ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша 2023-2024 оқу жылының басынан бастап Мағжан Жұмабаев ауданының 1-4 сынып оқитын 1412 оқушы бір реттік тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

Аудан әкімі Қайрат Омаровтың құттықтауын жеткізген Азамат Шеріпов жиналған ұстаздар қауымын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

- Құрметті ұстаздар, конференцияға қатысушылар!

Әр оқу жылы қарсаңында біз дәстүрлі ұстаздар конференциясын өткіземіз.

Бүгін осы салтанатты жағдайда біз оқу жылының қорытындыларын, жаңа идеяларды, аудандық білім беру жүйесін одан әрі дамыту жолдарын талқылаймыз.

2023 жылы білім беру мекемелерін жарақатандыруға барлығы 70 млн. теңге бөлінді.

Жаңғырту аясында биыл ауданның Сарытомар, Возвышенка, Чистов, Октябрь, Қарағанды мектебіне 5 мұздатқыш камера, 5 мармит, 9 тоназдық, 92 парта, киімге арналған 15 шкаф, 6 кесу үстелі, 5 сорғыш сатып алынды.

Сондай-ақ, аудан мектептері үшін спорттық-туристік мүкәммал, жаңа модификациядағы кабинет сатып алынды.

Барлық жалпы білім беру мекемелері 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген. 25 тамызда Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Айдарбек Сапаров ауыл мектептеріне жаңа мектеп автобустарының кілттерін табыс етті.

Біздің ауданға 25 орындық екі автобус келді.

Автобустардың бірі балаларды көрші ауылдардан Советское және Сарытомар мектептеріне жеткізеді.

Екінші автобус балаларды күн сайын қала шетінен аудан орталығының мектептеріне апарды.

Білім берудің негізгі тұлғасы - мұғалім болып қала беретінін атап өткім келеді.

Саланы жаңғырту жағдайында мұғалімге жоғары талаптар қойылады.

Аудандық білім беру жүйесінде білікті кадрлардың жеткілікті деңгейі бар. Біздің мұғалімдер өздерінің педагогикалық шеберліктерін үнемі жетілдіріп отырады.

Педагогикалық еңбектің өнімділігі мен сапасының көрсеткіштерінің бірі, мектеп қызметінің нәтижесі оқушыларды қорытынды аттестаттау және Ұлттық бірыңғай тестілеу болып табылады.

Ағымдағы жылы ҰБТ-ны 101 білім алушы немесе оқушылардың жалпы санының 64%-ы тапсырды, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда жоғары. Орташа балл - 75,47 құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 6 балға жоғары.

Құрметті ұстаздар! Біздің алдымызда, әдеттегідей, білім беру саласында шешілуі қажет бірқатар нақты міндеттер тұр:

1. Балаларды мектепке дайындауға бағытталған сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету;

2. Білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық жарақатандыруды жалғастыру;

3. Педагогикалық өлеует деңгейін арттыру бойынша жұмысты күшейту.

Құрметті конференцияға қатысушылар! Қорытындылай келе, сіздерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Сіздерге зор денсаулық, бақыт, амандық, шығармашылық табыс және талапты жекірттер тілеймін! Әр күн шабыт пен жаңалықтарға толы болсын, - деді аудан әкімінің орынбасары.

Содан кейін бас қосқан ұстаздар қауымы кезек-кезек сөз алып, болашақ ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру бойынша баяндамалар жасап, ой бөлісті.

Ал Медвежка ОМ биология пәнінің мұғалімі Жеміла Досова жас мамандарға ақ батасын беріп, алдағы өңбектеріне шығармашылық табыс тіледі. Өз кезегінде жас мұғалімдер де сенім артып отырған аудан жұртшылығына ризашылығын білдіріп, ұлағатты ұстаз болып, еңегілі ұрпақ тәрбиелеуге сөз берді.

Одан әрі іс-шара марапаттау рәсімімен жалғасып, ауданның бірқатар ұстаздары білім беру саласындағы көп жылғы адал еңбегі үшін Солтүстік Қазақстан облысының және Мағжан Жұмабаев ауданының, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Бастомар орта мектебінің директоры Василий Стельмашонокқа «Еңбек ардагері» медалі, Қарақоға орта мектебінің дене шынықтыру мұғалімі, бастауыш кесіподақ ұйымының төрағасы Марат Баймұратовқа «Білім және ғылым қызметкерлерінің кесіподағына сіңірген еңбегі үшін» белгісі табыс етілді.

Сондай-ақ «Туниций» ШҚ директоры Николай Туниций, Валерьевна, «Тын жер» ЖШС директоры Светлана Қарабанова, «Александровское» ЖШС директоры Вячеслав Чернышов, Білім беру ұйымдарына демеушілік көмек көрсеткен үшін Мағжан Жұмабаев ауданының білім бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жиын соңында 2022-2023 оқу жылының рейтингілік қорытындысы бойынша ауданның үздік білім ордаларына бағалы сыйлықтар сатып алуға сертификаттар табыс етілді.

Конференция одан әрі концерттік бағдарламаға ұласты.

Еркін ТӨЛЕГЕН.
Суреттерді түсірген:
Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

ЖҮМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

ЕҢБЕК ШАРТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 4 мамырдағы № 321-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне еңбек мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес ҚР Еңбек кодексіне жұмыс берушіні ҚР Еңбек Кодексінің 23-бабы 27) тармағының негізінде жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, осы Кодекстің 28-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі-ЕШЕБЖ) енгізуге міндеттейтін түзетулер күшіне енгізілді.

ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен ЕШЕБЖ-де еңбек шарттары туралы мәліметтерді есепке алу және көрсету қағидалары бекітілді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігімен жоғарыда аталған мәліметтерді еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуді тұрақты негізінде мониторинг жүргізеді.

Жоғарыда айтылғанына байланысты барлық меншік нысанындағы жұмыс берушілерге еңбек шарт жасау және тоқтату туралы ақпаратты жаңарту қажет.

Осыған байланысты жұмыс

берушілерге ЕШЕБЖ-не еңбек шарттарын енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізу қажет.

Жұмыс берушілер ЕШЕБЖ ақпаратты енгізу бойынша өз міндеттерін орындамаған жағдайда, түзеу мезгілі көрсетілген нұсқаулар беріледі. Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік еңбек инспекциясының нұсқамасы орындалмаған жағдайда материалдар әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін сот органдарына жіберілетін болады.

Ақпарат алу үшін Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 2-81-43 телефон нөміріне хабарласуға болады.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі КММ».

СУРАҚ-ЖАУАП АЙДАРЫ

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ЭТИКАСЫ» АУДАРЫ



шыға ала ма?

Жауап: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 61-бабы 1-тармағы 1), 2) тармақшаларына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін өздерінің жауаптылығын қарау кезеңінде мемлекеттік қызметтен өз

қалауы бойынша шығуға, сондай-ақ басқа да мемлекеттік лауазымдарды атқаруға болмайды.

Жоғарыда айтылғандардан мемлекеттік қызметшілерді өз қалауы бойынша жұмыстан шығаруға тыйым салу олардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық немесе беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін жауаптылығы қаралған жағдайда ғана болады.

Д.Т. КОНТАЕВА,
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Департаменті мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

Сұрақ: Мен мемлекеттік қызметкермін және жұмысқа өзіме ыңғайлы киіммен келемін. Бірақ басшы маған киімнің іскерлік стиліне сәйкес келмейтінін дәлелдей отырып, киім стиліне қатысты бірнеше рет ескертулер жасайды. Жауап беріңіз, бұл қаншалықты дұрыс?

Жауап: Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдел кодексінің 7-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі сырт келбеті мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге,

ресмилікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стиліне сай болуға тиіс.

Осылайша, Сіз мемлекеттік қызметкер ретінде ресми іскерлік киім стилін ұстануға міндеттісіз.

Д.С. ЕРМЕКОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.

ЗАҚ ЖӘНЕ КОҒАМ

ТАҢБАЛАУҒА ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

2023 жылдың 22 қыркүйегінен бастап Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №143 шешімі негізінде «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіне елеулі өзгерістер енгізіледі. Бұл өзгерістер сүт өнімдерінің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірушілерге өз өнімдерін таңбалау кезінде шығармашылық еркіндік беруге бағытталған.

2013 жылдан бастап техникалық регламент алғаш рет қолданысқа енгізілген кезде оны қолдану практикасы сүт өнімдерін өндірушілерге де, тұтынушыларға да қатысты бірқатар маңызды мәселе бойынша нақтылау қажеттілігін анықтады. «Негізгі өзгерістердің бірі – сүт өнімдерінің орауышында өсімдік майларының болуы туралы ақпаратты міндетті түрде орналастыру. Бұл талапмаз тұтынушыларға өнімді сатып алу туралы сапалы шешім қабылдауға мүмкіндік береді», дейді Қазақстан стандарттар және метрология институтының сарапшылары.

Сондай-ақ балалар тағамы өнімдерін сәйкестендірудің физика-химиялық көрсеткіштері өзгерді. Күл мөлшерін нормалау алып тасталды және Д дәруменінің мөлшерінің шегі ұлғайтылды. Балалар тағамын өндірушілердің пікірінше, осы өзгерістер балалар тағамын өндіруді тұрақтандыруға және тұтынушыларды жоғары сапалы өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа түзетулер айран, сүзбе, таң және құрт сияқты ұлттық сүт өнімдерін нарықта қолжетімді ете отырып, ескеретінін атап өту маңызды.

Регламентте құрамында 6%-ға дейін сүт майы бар «құрамында сүт бар балмұздақ» термині пайда болады, бұл тұтынушылар үшін көбірек таңдау мен ақпарат береді. Бұрын құжатта тек ММУ 12%-бен «сүт майын алмастыратын балмұздақ» термині бекітілген.

Сонымен қатар бұл өнімді байлауға мүмкіндік беретін қалпына келтірілетін сүттің анықтамасы енгізіледі. «Концентрацияланған, қоюландырылған сүтті қайта өңдеу өнімі» санатын енгізу сарысуға қолдануды кеңейтуге және өнімді стандарттауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өндірушілерге өз өнімдері үшін ойлап тапқан атауларды көрсетуге және біріктірілген атауларды пайдалануға мүмкіндік беретін шығармашылық еркіндік те ұсынылмақ.

АРНАЙЫ ҚОҢЫСТАНУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АРХИВТІК ІСТЕРДІ БЕРУ

1930-1950 жылдары Қазақстан әлеуметтік, саяси және этникалық мотивтер бойынша КСРО халықтық әртүрлі тобын білдіретін жер аударуға жіберілгендердің негізгі орындарының бірі болды.

Осы кезеңде Солтүстік Қазақстан өлкесіне немістер, поляктар, ингуштар, шешендер және т.б. этникалық топтар қоныс аударды. Барлық қоныс аударушылар колхоздарда, совхоздарда, аудан орталықтарына орналастырылды. Қоныс аударушылардың есебі құпия түрде жүргізілді, әр ай сайын олар арнайы комендатураларда белгіленіп тұруға тиісті болды.

Құғын-сүргінде ұшыраған істердің бөлігі Қазақстан Республикасы Жер прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне сақталуда.

Бүгінгі күні Департаментте құғын-сүргінде ұшыраған адамдардың архивтік қоры 68 мыңнан астам жеке істерді құрайды, соттармен, үштіктің ерекше кеңестерімен және саяси трибуналдармен сотталған адамдардың қылмыстық істері, әкімшілік жер аударылғандардың жеке істері және ақтауға жататын арнайы қоныс аударуға жіберілген адамдардың жеке істері, ұлты бойынша адамдардың жеке істері сақталған.

Мысал ретінде құғын-сүргінге түскен бір отбасын қарауға болады.

1941 жылы Э. Христьян өзінің отбасымен Саратов облысынан Қазақстанға жер аударылған. Соның салдарынан барлық отбасының мүшелері еңбек армиясына жұмылдырылды. Христьянның үш ұлымен Москва облысына, жұбайы Молотов облысына, басқа ұлы Киров облысына, қыздары Солтүстік Қазақстан облысында қалған.

Шахтадағы ауыр жұмыстар, сондай-ақ егде жастағы келуі сыр бөре бастайды, ерлі-зайыптылардың денсаулығы нашарлай бастаған соң олар қыздарының бірімен бірігуге рұқсат сұрауға мәжбүр болады. Арнайы қоныс аударушылардың есебінен

шығар алдында ғана, ерлі-зайыптылар қыздарына баруға рұқсат алады.

Кеңес кезеңіндегі осындай отбасылардың тарихы құқықтық статистика органдарының архивтік бөлімшелерінде сақталған.

1993 жылғы 14 сәуірде жаппай саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіруге батыл іс бар байлап, осы қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға тигізген моральдық және материалдық залалды қазіргі уақытта барынша мүмкін болатын өтеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңды қабылдайды.

Құғын-сүргіндерге ұшыраған азаматтар, арнайы қоныстануда болуы туралы архивтік анықтама бар болған жағдайда ақтау туралы анықтама алу үшін облыс прокуратурасына жүгінуге құқылы.

Архивтік анықтамалар ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық департаменттерімен азаматтардың жазбаша жолданамы негізінде беріледі.

Президенттің 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығына сәйкес саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды, оның негізгі мақсаты кеңес кезеңіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру болып табылады.

Мемлекеттік комиссия, кіші комиссия, жұмыс тобы мен аумақтық комиссия мүшелерінің Департаментте сақтауда жатқан істерді зерделеу қорытындылары бойынша Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне тапсыруға жатады.

Шоқан ҚҰЛДАНОВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ҚСЖАЕК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастығы.

ӨМСК ХАБАРЛАЙДЫ!

АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕРДІҢ 89%–Ы МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨЛЕМІН НЕГІЗСІЗ АСЫРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бірінші жартыжылдықта медициналық қызмет сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысымен бөлісті. Кемшіліктердің басым бөлігі консультативтік-диагностикалық қызметтерді көрсету кезінде орын алған.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тегін медициналық көмектің кепілді көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық қызметтерді стратегиялық сатып алушы өкени көпшілікке мәлім. Қор медициналық ұйыммен келісімшарт жасасқан кезде тапсырыс беруші өрі төлеуші болса, медициналық ұйым өз кезегінде осы медициналық қызметтерді ұсынады.

Қор сарапшылары келісім міндеттемелері шеңберінде ТМҚК және МӘМС аясында жұмыс істейтін медициналық ұйымдардың көрсеткен қызметтерінің сапасы мен көлемдеріне ұдайы мониторинг жасайды. Шара барысында медициналық көмек көрсету стандарттарынан, клиникалық хаттамалардан және басқа да нормативтерден кемшілік жіберілгені анықталса, медициналық ұйымдарға айыппұл санкциялары салынады.

2023 жылдың 6 айында жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша 1,15 млн астам кемшілік анықталды. Айыпақы сомасын қоса алғанда, оларға жалпы 8,8 млрд теңгеге экономикалық ықпал ету шаралары қолданылды.

Анықталған кемшіліктер бойынша Ақтөбе облысы (9,5%), Шымкент қаласы (8,6%) және Қызылорда облысының медициналық ұйымдары көш бастап тұр.

Анықталған жағдайлардың 89%-ы (998,6 мың кемшілік) көрсетілген медициналық көмек пен қызметтер көлемін негізсіз асыруға байланысты болып отыр. Ал 8%-ы (89 мың) денсаулық сақтау және клиникалық хаттамалар аясында емдеу-диагностикалық іс-шаралардан, стандарттардан, ережелерден негізсіз ауытқығаны анықталды. Ал 7,8 мыңнан астамын (2%) көрсетілмеген медициналық көмекті көрсетілді деп жазған жалған ақпарат құрады.

Медициналық көмек түрлері ішінен жан басына шаққандағы кешенді нормативтен тыс консультативтік-диагностикалық қызметтер бойынша кемшіліктер басым (1,03 млн кемшілік немесе 92%). Стационарлық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек 4%-ды (47,3 мың кемшілік), ал ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмек бойынша 2%-ды (21 мың кемшілік) құрайды.

«Талдау нәтижелеріне сүйенсек, көрсетілетін медициналық қызметтердің көлемін асырып көрсету бойынша көптеген бұзушылық орын алады. Кемшіліктердің басым бөлігі консультативтік-диагностикалық қызметтерде анықталды. Мемлекет басшысы өз сөзінде консультативтік-диагностикалық көмекті көрсету барысында жалған жазбаның көп орын алатынын тілге тиек еткен болатын. Салдарынан қаржы жетіспеушілігі мәселесі көтеріледі. Қор өз тарапынан медициналық ұйымдардың шарттық міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізеді және бұндай фактілердің жолын кеседі. Ашықтықты арттыру үшін денсаулық сақтауда цифрландыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Бұл медициналық көмектің сапасын арттыру бойынша қабылдануға жатқан шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», - деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасы Сәбит Ахметов.

Егер сіздің тағы да сұрақтарыңыз болса, өз емхананыздағы «Пациенттерді қолдау қызметіне» жүгініңіз. Ал ол жерде маңдайы жауап ала алмасаңыз, Қордың өзіңізге ыңғайлы арналары: fms.kz ресми сайты, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, Telegramдағы SaqtanduryBot және 1414 Бірыңғай байланыс орталығы бойынша өтініш-шағымдарыңызды қалдыра аласыз.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесіндегі мәртебеңізді көлесі құралдар арқылы тексеруге болады:

- fms.kz ресми сайты;
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы;
- Telegramдағы @SaqtanduryBot;
- 1414 Бірыңғай байланыс орталығы;
- Datumed мобильді қосымшасы.

Сондай-ақ egov.kz электронды үкімет сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне медициналық көрсетілетін қызметті тұтынушы ретінде қатысу туралы және аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат ұсыну» мемлекеттік қызметі арқылы медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеруге және жүргізілген төлемдер туралы ақпарат алуға болады.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАК СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

«БАЛАНЫ МЕКТЕПKE ДАЙЫНДАЙЫҚ!»



Осыған орай, 24 тамыз күні «AMANAT» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Мектепке жол» мерекелік бағдарламасы өтіп, оған «В стране чудес» мерекелік агенттігі, аудандық Мәдениет үйі мен музыка мектебінің өнерпаздары, қала тұрғындары, ата-аналар мен балалар қатысты.

Бұлаев қаласының «Достық» саябағында өткен шара барысында көркемөнерпаздар концерттік және ойын-сауық анимациялық бағдарламалар ұсынып, ұйымдастырушылар балғындарға тегін балмұздақ таратты. Сондай-ақ

«AMANAT» партиясы жаңа оқу жылы қарсаңында «Баланы мектепке дайындайық!» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясын бастағаны белгілі. Ігі дәстүрге айналған акция «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында осымен 13-мәрте өткізіліп отыр. Оның басты мақсаты – көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы балаларды жаңа оқу жылына дайындауға көмектесу.

мерекелік сауда ұйымдастырылып, онда жеңілдетілген бағамен мектеп киімі, кеңсе тауарлары мен тәттілер сатылды.

Бүгінгі мерекелік бағдарлама «Аманат» партиясының бастамасымен ұйымдастырылып отыр. Балалар – біздің болашағымыз. Сондықтан бүгінгі шара

жаңа оқу жылының қарсаңында өтіп, мектеп оқушыларына арналды. Ата-аналар мектепке қажетті заттарын арзан бағамен алуға мүмкіндік алып, балалар өртістермен бірге ойын-сауық салып, қуанышқа бөленді. Балаларды қолдау шаралары әлі де жалғасатын болады, сол

себебі біз әрдайым өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін қолайлы жағдай жасауға тырысамыз, – деді «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов.

Бұл күні өртістер «Жаз», «Мектебім», «Сәлем, мектеп» сияқты балаларға арналған өндер шырып, жиналғандарға мерекелік көңіл күй сыйлады. Аниматорлар болса, балғындарды ойынға тартып, бірге өртүрлі іс-қимылдар жасап, бөрі мөз-мөйрам болды. Шара соңында мағжандықтар жақсы көңіл күймен үйлеріне тарасты.



Бала – ата-ананың айнасы. «Әкеге қарап ұл есер, шешеге қарап қыз есер», дейді дана халқымыз. Алайда көп жағдайда ересектер бұл төмсілді естен шығарып, баласының теріс іс-әрекетінің себебін сырттан іздейді. Петропавлдағы «Центр личности» орталығының психологы Мария Гейн жаңа оқу жылы қарсаңында бала тәрбиесіне қатысты кей мәселенің басын ашты.

«Мен 5 жастан 21 жасқа дейінгі адамдармен жұмыс істеймін. Ата-аналар балаларын түрлі мәселе бойынша алып келеді. Оларды көп жағдайда сөбінің балабақшаға барғысы келмеуі, қатарластарымен төбелесе беруі, басқаларды тістеп, тәрбиешімен дерекі қарым-қатынаста болуы, сабақ үлгерімінің нашарлауы мазалайды. Бала сыныптас-тарымен тіл табыса алмаса, ата-аналар біздің көмегімізге жүгінеді. Он сегіз жасқа

дейінгілердің басым бөлігі қатарластарымен араласпайды, достары жоқ, тіпті ата-аналарымен де ашылып сөйлеспейді», – дейді психолог.

Маманның айтуынша, тәрбиеде кеткен олқылық баланың мінезіне, болашағына әсер етеді. Үйдегі ұрыс-керіс, жанжал, ата-аналардың ажырасуы сөбілерге өте ауыр тиеді. Ата-ана тәрбиесі балаға екі бағыт бойынша ықпал етеді екен. Біріншісі – психологиялық, яғни ата-ана баланың ішкі жан дүниесіне зақым келтіреді, дұрыс тәрбиелемеудің салдарынан сөбінің эмоционалдық жағдайын нашарлатады. Мұның бәрі психологияның көмегімен түзетіледі немесе уақыт өте келе жойылады. Екіншісі, психологиялық әсер ету, ата-ананың тәрбиесі психикалық бұзылуға әкеледі. Мұндайда психиатрдың көмегі және медикаменттер керек.

«Тәрбие беру кезінде жиі кездесетін қателіктер – инфантилизация, симбиоз. Инфантилизация – ата-ана баласын тым қамқорлыққа алып, мәселен, он жастағы балаға 5-6 жастағы бала сияқты қарайды. Ал бала мұны өзіне түсінеді, «қандай да бір жұмысты істетпесе, шынымен де бұл шаруа менің қолымнан келмейтін шығар, яғни өлі кішкентаймын» деп ойлайды. Инфантилизация арқылы баланың өзін-өзі бағалауы түседі, ата-анасы оған сенім арт-

пайды деп ойлауы мүмкін. Симбиоз – ата-ананың баласымен бір бүтін сияқты өмір сүруі. Ата-ана баласы үшін бәрін шешеді, не кию керектігін, қалай тамақтану, қай жерге бару қажеттігін айтады. Соның салдарынан бала өз бетінше түк істей алмайды. Мектепке барады, ал мектептің өз талабы, міндеттері бар. Ал баланың қолынан түк келмейді, өйткені ол үшін үйде бәрін өкешешесі атқарады», – дейді Мария Гейн.

Маманның пікірінше, баланы авторитарлық тұрғыда тәрбиелеу де қате. Ата-ана тәртіпке үйретіп жатырмын деп ойлағанымен, балада үрей қалыптасады. Тәртіпке үйретудің ең дұрыс жолы – оның міндеттерін бөліп беру, орындамаған жағдайда шара қолдану. «Мысалы, «менің міндетім – тамақ пісіру, сенің міндетің – өсімдіктерді суарып, мысықты тамақтандыру» деген сөздерді жиі естіген бала болашақта жауапкершілікті сезіне алатын болады. Ата-ана сөбіне талап та қоя білуі керек. Реті келгенде оның жақсы көретін тәттісін бермей қою арқылы жазалауға да болады», – дейді психолог.

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Ата-анада жылда баланы неше жастан 1-сыныпқа беру керек деген сұрақ туындайды. Маманның айтуынша, ер бала ерекше. Біреуі ерте, енді бірі кешірек жетіледі. Сондай-ақ бір балада

неврологиялық дерт болып немесе перинаталдық кезең ауыр өтуі мүмкін. Ең бастысы – баланың дайындығына қараған дұрыс. Балалармен қарым-қатынасы қандай, есте сақтап, тақпактарды жаттай ала ма, өлде жаттағысы келмей ме? Осы жайттарға да мән берген абзал.

«Бала ер жету барысында кезең-кезеңмен дамиды, мәселен белгілі бір жас аралығында оның миы жетіледі, дағдылары қалыптасады. Сондықтан балаға балалық кезеңнен өту өте маңызды. Мәселен, жасөспірімге достарымен араласу керек, өзі қатарлас балалармен қыдырып, қарым-қатынаста орнатқаны жөн. Ал балабақша жасындағы, бастауыш сыныптағы балалар үшін негізгі іс-әрекет түрі – ойын. Бала ойнағысы келеді. Біз баланың барлық уақытын ересек сияқты оқумен, түрлі үйірмелермен толтырып тастасақ, оның осы балалық шағын, ойына деген қажеттілігін алып қоямыз. Бала бір-екі үйірге барса, жеткілікті. Оның психикасына, миына салмақ салудың қажеті жоқ. Егер күні бойы ақпарат алатын болса, оның миы алған ақпаратты қорыту үшін энергия жұмсайды, жүжкесі жұқарыды, салдарынан психо-эмоционалды жағдайы нашарлайды», – дейді Мария Гейн.

Ақерке ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ,
"Soltistik Qazaqstan".

АМСТЕРДАМ ҚАЛАСЫНДА МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ 130 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ФОРУМ ӨТТІ



Амстердам қаласындағы Жүніс Емре атындағы халықаралық орталықта қазақ ақыны Мағжан Жұмабайұлының 130 жылдық мерейтойына арналған «Өлмес мұра» атты әдеби-поэтикалық форум өтті.

Іс-шара қазақ кітаптарының көрмесін тамашалаудан басталды. Алқалы бас көсууды Қазақстанның Нидерландыдағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Асқар Қуанышұлы Жұмағалиев ашып, жиналған зиялы қауымға ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы баяндады.

Мағжан ақын туралы баяндама жасаған белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ұлықбек Есдәулет алаш ақынының шығармашылығы мен қайраткерлігіне тоқталып, бұндай игі шараларды жиі өткізуді ұсынды:

Нидерланды елінде өтетін IFLA (Кітапханалар қауымдастығы мен мекемелерінің халықаралық федерациясы) конференциясына шақыру алған едім.

Осы шара аясында Амстердамдағы

Қазақстан Елшілігі (Елші А.Қ.Жұмағалиев) мен біздің ЮНЕСКО жанындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы (директоры О.О.Сүлейменов) бірлесіп, Мағжан Жұмабайұлының 130 жылдығына арнап ұйымдастырған «Өлмес мұра» атты әдеби-поэтикалық форумда бас баяндама жасауды сұрады. Әрине, қуана келістім. Бұл айтулы мәдени шара Амстердамдағы Юнус Емре институтында өткізілмек екен.

Мәдени шара басталмас бұрын бізді Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының (OSCE - ОБСЕ - ЕҚЫҰ) Аз ұлттар істері жөніндегі Жоғарғы комиссары Қайрат Құдайбергенұлы Абдрахманов Гаагадағы офісінде қабылдап, өз орынбасарларымен, ұжымымен таныстырып, дөңгелек үстел ұйымдастырды. Біз олармен Мағжан ақын туралы оңтүстік өмірді.

Қазақстан тарапынан ЮНЕСКО жанындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы директорының орынбасары Салтанат Әшімова, Астана филиалының директоры Үмітхан Мұналібаева, т.б. сөз сөйлеп,



өлең оқып, сұрақтарға жауап бердік. Орталықтың ғылыми қызметкері, «Дарын» сыйлығының иегері Бекзат Смағұлов Мағжан өлеңдерін ағылшын тілінде майын тамызып оқып, таңдай қақтырды.

Мағжан Жұмабайұлының мерейтойы мұндай дүниежүзілік аса саяси да ресми және өте беделді ұйымның төрінде аталып өтілуі - бұрын тарихымызда болмаған жаңалық.

Айтулы шарада, Мағжан шығармашылығы жөнінде Жүніс Емре халықаралық институтының директоры Адил бей Ақалтұн, ЮНЕСКО жанындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығы

директорының орынбасары Салтанат Әшімова, Астана филиалының директоры Үмітхан Мұналібаева, Солтүстік Қазақстан облыстық кітапханасының директоры Бейбітгүл Әбілмәжінова, Астаналық ғылыми кітапхана директоры Әлия Сейденбаева, өнертанушы Елдос Болатұлы, т.б. сөз сөйлеп, дарынды жас ғалым Бекзат Смағұлов Абай мен Мағжан және Жүмекен мен Мұқағали өлеңдерін жиналған қауымға қазақша, ағылшынша оқып, Мағжан өлеңдеріне шығарылған өндер орындады.

Ұмтыл ЗАРЫҚҚАН.

«КОНСТИТУЦИЯ - МӘНГІЛІК ЕЛДІҢ ТҮҒЫРЫ»

Биыл Ата заңымыз қабылданғанына - 28 жыл толып отыр. 30 тамыз - Конституция күні. 1995 жылы республикалық референдумда бұл күн мемлекеттік мереке - Конституция күні болып жарияланды. Осы жылдар ішінде елдің Негізгі Заңы саяси тұрақтылық пен ұлтаралық достықтың кепілі болды. Осылайша, Конституция Қазақстан халқына ең бастысы - таңдау құқығын берді.

Барлық Қазақстан халқы мерекелейтін жалпы мемлекеттік мейрам қарсаңында аудандық кітапханада арнайы іс-шара ұйымдастырылып, оған аудан прокурорының орынбасары Рүстем Насиров, аудандық сот кеңсесінің меңгерушісі Қанат Жүкенов, полиция бөлімі тергеу бөлімшесінің тергеушісі Әлфараби Мелдебек, криминалдық полицияның жедел уәкілі Ескендір Өтегенов, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлжан Жансүгірова, жастар ресурстық орталығы директорының м.а. Мария Галайдына, белсенді жастар мен оқырман қауымы қатысты.

Жиында ашқан кітапханашылар Ата заңның тарихына тоқталып, оның маңызын атап өтті. Сондай-ақ басқосуға жиналған құрметті меймандар өз салалары бойынша ел азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау бойынша ақпарат беріп, олардың әрбір қызметі Конституцияға сәйкес атқарылатынын жеткізді.

Иә, ең алдымен, еліміздің Конституциясы жалпы құндылықтарды анықтайды және бекітеді. Өркениетті



елдердің барлық жетістіктері: өмір сүру құқығы, еркін діни сенім, тұрғылықты жерін анықтау, тағы басқа. Басқаша айтқанда, адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау тұрғысынан жеткеннің барлығы осы құжатта бекітілген. Осы негіз қалаушы қағидаттарға сүйеніп отырып, қалған барлық заңнамалық актілер Конституцияға сәйкес келтіріледі.

Егер біздің негізгі құжатымызды өзге мемлекеттермен елдердің Конституцияларымен салыстырсақ, онда негізінен аз ғана айырмашылық бар. Ең басты ерекшелік - бұл көп жағдайда мемлекет адамдарға негізгі бағыт бойынша қамқорлық жасайды. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған осы Негізгі

Заң шын мәнінде қоғамдық келісімге айналды, сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналдыруды өзіне басты міндет етіп, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына алды. Осындай өзара міндеткерлік қоғам мен мемлекеттің одан әрі нәтижелі дамуына тиянақты негіз қалыптастырады және біздің болашаққа сеніммен қарауымызға мүмкіндік береді. Біздің Конституция өзін-өзі билеудің ажырамас құқығына негізделеді. Ол Қазақстан мемлекеттілігінің көлгасырлық даму тарихына сүйенеді, республикамыздың әрбір азаматының құқықтары

мен бостандықтарын бекітеді, азаматтық келісімді, халық билігін және құқықтық мемлекеттің мызғымас ұстанымдарын қамтамасыз етеді.

Келелі диалог құрған жиналғандар кітапханашылар ұсынған «Конституция - Мәңгілік елдің тұғыры» атты кітап көрмесін тамашалап, құнды кітаптардағы тарихи мәліметтерге қанықты. Жүргізушілер дөңгелек үстел басындағы қонақтарға Ата заңға қатысты әртүрлі үлгіде жазылған еңбектерді ұсынды.

Шара соңында ескеңең ұрпақ өкілдері меймандарға заң бойынша өздерін қызықтыратын сұрақтарын қойып, кез келген адамның өміріндегі Ата заңның маңызды екенін түсініп бақты. Қазіргі таңда Қазақстан

халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтеріліп отыр. Әрбір қазақстандық келешекке көруен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана емес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді. Жиын соңында жиналған жұртшылық жылдан-жылға біздің басты құндылықтарымыз - Тәуелсіздігіміз, келісім мен бірлігіміз нығая берсін деген тілек айтып, әр шаңыраққа құт-береке, молшылық, амандық, ырыс пен ынтымақ тіледі. Біз де ел іргесі аман, келешегіміз кемел болсын деп тілейміз!

Еркін ТӨЛЕГЕН.
Суретті түсірген
Қанат ӨТЕМҰРАТОВ.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМАҒА - 300 ЖЫЛ

Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығы (1723–1725) салдарынан басынан кешкен ауыр қасіретін, босқыншылыққа ұшыраған кезеңін бейнелейтін ұғым. Осы жаугершілік басталардың алдында қазақ даласында ұзақ уақытқа созылған алапат жұттың экологиялық, экономикалық, саяси, әлеуметтік салдары өте ауыр болды: үш жүздің саяси-әлеуметтік байланысы өлсіреді, халықтың әл-ауқаты төмендеп, өндіріс қатынастары құлдырады. Ішкі алауыздық, билікке деген талас-тартыс қауіпті жаудың бар екендігін ұмыттырды. Ш.Уәлиханов Жоңғар қалмақтарының шапқыншылық жасап, қазақ халқын ақтабан шұбырындыға ұшыратуының бір себебін жеті жылға ұласқан жұттан азып-тозып ашыққан елдің ауыр жайымен байланысты қарастырды. Яғни жұттан жұтап шыққан жұрт ес жинай алмай жатқан кезде, Жоңғар ескерінің жеті түмен ауыр қолының анталаған басқыншылығына тал болды. Жер аздырған жұт пен жұрт тоздырған шапқыншылық қазақ елінің хал-ақуалын мүлде ойсыратып жіберді.

Алапат жеті жылдай не жай қойсын, Айрылдық ауыр дәулет мың жайсаңнан немесе: Қаратау, қош аман бол, ата мүлкі, Малменен, елмен екен жердің көркі. Төңірінің тағдырына көнбейміз бе? Дәм бітсе, дәм сағатта өлмейміз бе? Баласы үш момынның қоныс ауды, Қош енді көрміз бе, көрмейміз бе? Сондай-ақ: Желектің жібегі еді жігіттері, Қалтарыс қалжаураса иектері. Шұбырып аш-жалаңаш тозған қазақ, Қалады қайсы жұртта сүйектері. Ақ орда артта қалды сарайлары, Ағарар артын ойлап саймалары. Қаңғырып жүргенінде көп қазақтар, Көмүсіз қала ма, Алла, талайлары? – деген өлең жолдары халық жадында сақталған қасіретті кезеңнің қандай болғанын айқын байқатады.

Жоңғар ханы Цеван Рабтан қазақ жеріне найза, садақпен емес, отты қарулар – зеңбірек, мылтық, қаруланған қолымен басып кірді. Жоңғарлар жетілген отты қару жасау, картография өнерін 1715 жылғы орыс-жоңғар соғысы кезінде біраз солдатпен бірге қолға түскен шведтік инженер офицер И.Г. Ренаттан үйренген



болатын. Бұл зобалаң тұста қазақтардың жүз мыңдай қолы шығынға ұшырап, ел ұлқыздарынан айырылып, мал-мүлкі талан-таражға түсті. Атажұрт, атақонысынан ауып, жаппай босқыншылыққа ұшырады. Қазақ тарихындағы бұл ұлы басқыншылық этностың санасында өшпестей сақталып, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген тарихи фразеологизм осылай қалыптасты.

Ұлы жүз, Орта жүз қазақтарының Қаратау асып, Сырдан өтіп, Алқакөлде қырғынға ұшыраған жері «Алқакөл сұлама»; Кіші жүз қазақтарының Қаратаудан Түркістанға келіп, одан Сауранды айналып, Бұхараға бет түзген шұбырынды көшін «Сауран айналған», ал, Орта жүздің бір бөлігі Қаратаудан Солтүстікке қарай ауған шұбырынды жолы «қайың сауғанда, ел ауғанда» деп келетін фразеологизмдерде көрініс тапты. Негізгі асы ет пен сүт болған босқын қазақтар қайыңның қабығын тіліп, шырынын ішуге, алғыр (ащы өсімдіктің тамыры), қозықұйрық (саңырауқұлақтың түрі) сияқты жеуге жарамды шөптесін өсімдіктерді талғауға етуге дейін мәжбүр болды. Бұл оқиға қазақ тарихындағы ел айырылған ауыр шақ қана емес, көршілес қырғыз халқы да жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырап, атақонысынан Фиссарға ауа көшті. Осы жайтқа байланысты қалыптасқан «Қазақ қайың сауғанда, қырғыз Фиссар ауғанда»

халқына 1723-1725 жылдары елдігінен айырылып тарих бетінен мүлде жоғалып, шағын этностық топқа айналу қаупі төнді. Алайда, экономикалық, саяси, әлеуметтік, демографиялық ауыр дағдарысқа ұшырап, есеңгіреген қазақ елі етек-жеңі тез арада жинап, жаумен шайқас майданына шықты. Ар-намысы аяққа басылып, ақтабан болса да, бірақ қазақтар жағы өзінің елдігін, тұтастығын жоймайды. 1726 жылы. Әбілқайыр, Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Наурызбай, Жәнібек, Малайсары және басқа да сұлтандар мен батырлар бастаған қалың ел жоңғарларға қарсы майдан ашып, Бұланты мен Бөленгі өзендерінің жағасында қалмақтарға қарсы тегеурінді соққы берді. 1727 жылы қазақтар Қаратауды қайтарды. Хантауына Орда тігіп, Аңырақай даласында ұлы жеңіске жетті. 1729-1730 жылдары қазақтың қарулы қолы қалмақтарды қатты қырғынға ұшыратып,



деген тарихи фразеологизм аталмыш оқиғаның екі халықтың тағдырына үлкен ауыртпалық әкелгендігін айғақтайды. Сөйтіп, Қазақ хандығы (XV ғ.) түрінде мемлекеттілігін қалыптастырған қазақ

бас көтертпей тастады. Осындай ұлы күрестің нәтижесінде қазақтар өзінің елдік сипатын, халықтық қасиетін қалпына келтіріп, атажұртын сақтап қалды.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 165 ЖЫЛ



Шөкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылдың 11 шілдесінде (ескіше күнтізбе бойынша) Шыңғыстауда, Байқошқар өзенінің бойындағы Кенбұлақ деген жерде дүниеге келген. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында қарасты жер. Әкесі Құдайберді - Абайдың ағасы. Шөкәрімді бес жасында ауыл молдасына оқуға берді.

1866 жылы әкесі Құдайберді 37 жасында дүние салады. Ендігі жерде Шөкәрім Құнанбайдың тәрбиесінде, тікелей Абайдың қамқорлығында болады. Абайдың үлгі-өнегесіне қанық болған жас ақын ағасындай кемелгер, білімді өрі дарынды болуды армандайды. Кейініректе, бүкіл қазақ жастарын ағасы, ақылшысы Абайдан тәлім алуға шақырып «Жалыналық Абайға, жүр баралық» атты өлеңін жазды. Шөкәрім Абайдың қазақ ұлтының рухани ұстазы болатынына алғашқы болып көз жеткізген шөкірті және бауыры. Ол Абайды бала кезінен бастап өмірбақи үлгі, өнеге етті. Басқаларды да соған үйенді.

Шөкәрім – жұрты газырдан астам шығармашылық жетістіктерді әдебиеттің бар жаңырында жемісті еңбек еткен қайраткер.

Әдебиетті, тарихты, географияны, жаратылыстану ғылымын, физиканы, сөз өнерін, музыка өнерін оқыған. Ой еңбегімен қатар, дене еңбегіне төселген, шеберлікті үйренген, бертін келе мәдениетті жолға салып, ұлттық киімдердің үлгісін жанарту, ас пісіру, дастархан әзірлеу, көшпелі ел жағдайында, қатты қыстарда, далада, қар үстінде шырышсыз от жағу, үйді үйдің, іргелес қыстаулардың арасында сымды қатынас орнату сияқты тұрмыс мәдениеті жөнінен халыққа өзі тапқан тәсілдерін ұсынған, ол ауырып, сырқаттанғандарға алғашқы жәрдем көрсете алған, медицинадан сауаты болған, апатқа ұстаған.

Тоғайдан ағаш кесіп, отын жарған, боранды суық күндерде өйелдерге болысын, өзеннен, құдықтан су тасыған. Дене еңбегін бұл адам жан рахаты деп білген.

Ақын араб, парсы, орыс тілдерін жетік меңгереді. Өз бетінше ізденуі нәтижесінде заманындағы ең білімдер адамдар санатына қосылады. Бірнеше тіл білуі оның тамаша аудармалар жасауына алғышарт еді. Хафиздің лирикалық шығармаларын, Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын тәржімалады. Орыстың классикалық әдебиетін терең зерттеп оқыды. А.С. Пушкиннің «Дубровский» повесі мен «Боранын» өлеңмен аударды. Л.Н. Толстойдың бір топ өңгімелерімен қазақ оқырманына таныстырды. Л.Н. Толстойға арнайы хат жазып, көкейіне қордалған ойларын жинақтап, ақыл-көнес сұрайды. Хаттардың түнінұскасы жоғалып кеткен.

1876 – Шөкәрім Мөуенге үйленді.

1878-1880, 1887-1888, 1901-1905 жылдары Шыңғыс елінде үш рет болыстыққа сайланған.

1881 – Абай Шөкәрімді Е.П.Михаэлисмен таныстырды.

1882 – Шөкәрім Айғаншаға үйленді.

1903 – Шөкәрім Орыстың императорлық географиялық қоғамы Батыс-Сібірлік

бөлімі Семей бөлімшісінің мүшелігіне қабылданды.

1905 жылы Шөкәрім Құдайбердіұлы қажылық сапар шегеді. Ол ағасы Абайдың тапсыруымен Стамбұлға, Египетке, Меккеге саяхат жасайды. Бұл сапардан діндік дәстүр бойынша хажы атанып қайтқан. Осы жолында Парижде тоқтап, Францияның архивіне көз жібереді, кітапханаларында болады.

1906, наурыз – ақын қажылықтан оралды.

1908 – ақын Семей түрмесінде жатқан Әлихан Бөкейханмен диаларасты.

1909 – ақын Л.Н. Толстойға хат жазды.

1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық кітабы» еңбектері жарық көрді.

1912 жылы Семей қаласындағы «Жәрдем» баспаханасында «Қазақ айнасы», «Қалқан-Мамыр», «Еңлік-Кебек» поэмалары жеке-жеке жинақ ретінде басылды.

1913 – Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде (28 сәуір № 12) Шөкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі жайында «Ерекше сөз» атты тілеулес мақаласын жариялады.

1916 – Ж. Аймауытов «Желек» атты бүркеніш есіммен «Қазақ» газетінде (1916 жылдың 9 ақпаны, № 168) «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегіне арналған «Шөкәрім ақсақалға» мақаласын шығарды.

1917-1918 жылдары Алаш қозғалысына қатынасып, үездік земство жұмысына, Алаш сотының қызметіне араласады. Көп ұзамай қоғамдық-саяси қызметтен алшақтап, дау-дамай мен айтыс-тартыстан іргесін аулақ салады.

1918 – «Шың бақыттың айнасы» эссе-шығармасы басылып шықты.

1918 қаңтардан қарашаға дейін – Алашора үкіметінің соты, төбе бй.

1922-1923 – Ташкенттегі «Шолпан» журналында ақынның «Ләйлі – Мәжнүн»

поэмасы басылып шықты.

1923 – ақын «Қазақ тілі» газетінің редакторынан мақала жазып жіберуді өтінген хат алды.

1924 жылы Семейде «Дубровский өңгімесі» баспа көрді. Оның көптеген өлеңдері, мақалалары, очерктері «Айқап», «Абай», «Шолпан», «Тан» журналдарында, «Қазақ», «Сарыарқа», «Қазақтілі», «Еңбекші қазақ», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде басылды. Шөкәрімнің «Нартайлақ-Айсулу» поэмасы, «Әділ-Мария» романы, «Үш анық» философиялық туындысы өзі дүниеден өткеннен кейін оқырман игілігіне айналды. Ш.Құдайбердіұлы қоршаған ортадағы өзгерістерге үнемі қызу араласқан.

1925 жылы Шыңғыстың Шақпақ аталатын өз қыстауынан он бес шақырымдай жерде қора-жай салып алып, таза шығармашылық жұмыспен шұғылданады. Өмірінің ақырына дейін елден оқшауланып, жазу-сызумен біржолата беріле айналысады. Айдаладағы жаңа кеңестік саясат тыныштық бермей, Шыңғыстау көтерілісін ұйымдастырды деген айып тағылды.

1925-1926 – Гарриет Бичер Стюдун «Том ағайдың балағаны» шығармасын аудару жұмыстарын жүргізді.

1931 жылдың 2 қазан күні НКВД-ның жеңдеттері ұлы ақынды атып өлтіреді.

1958 – Шөкәрімнің аты мен шығармашылығы ресми түрде аталды. 1961 – Ахат Құдайбердіев өкесінің сүйегін күрқұдықтан қазып алып, Жидебайдағы Абай зиратының жанына жерледі.

1958, 29 қазан – СССР Бас прокуратуры канцеляриясы Шөкәрімнің ақталғаны жайында құжатқа қол қойды. 1988, 14 сәуір – Қазақстан Республикасы Орталық комитеті Шөкәрім Құдайбердіұлының толықтай ақтау туралы шешім қабылдады.



Дүйсенбі, 4 қыркүйек	Сейсенбі, 5 қыркүйек	Сәрсенбі, 6 қыркүйек	Бейсенбі, 7 қыркүйек	Жұма, 8 қыркүйек	Сенбі, 9 қыркүйек	Жексенбі, 10 қыркүйек
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 05.05 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.00 TANSOLPAN. 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.40 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 12.00, 23.40 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 13.10, 02.40 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 АРТА. 15.10, 01.15 AQRDA. 15.20 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.50 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ- 2022. 16.05, 03.40 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 19.00, 22.30 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 20.35, 04.25 ASHYQ ALAN 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 22.30 1001 ТҮН. 01.25 САНА. 05.15 КҮЙ-КЕРУЕН.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 05.30 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.40 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.10, 19.00 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 12.10, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10, 02.20 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ДАРА. 15.10, 05.00 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 16.05, 03.20 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 20.35, 04.10 ASHYQ ALAN. 22.30 1001 ТҮН. 23.40 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 01.15 САНА.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 05.30 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.40 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.10, 19.00 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 12.10, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10, 02.20 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.00 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.30, 05.00 ТҮЛҒА. 16.05, 03.20 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 20.30 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 20.35, 04.10 ASHYQ ALAN. 22.30 1001 ТҮН. 23.40 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 01.15 САНА.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.40 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.10, 19.00 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 12.00, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10, 04.15 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.00 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.20 БІРЕГЕЙ. 16.05, 05.05 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 20.30 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 20.35 ASHYQ ALAN. 22.30 1001 ТҮН. 23.40 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 00.35 ФУТБОЛ. 03.15 САНА.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.25, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.40 АҚПАРАТ. 07.00 TANSOLPAN. 10.10, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.10, 19.00 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 12.00, 21.30 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 13.10, 03.15 ӨМІР КӨРКЕМ. 14.20 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 15.10 МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 15.40 ЖАНА ДЕРЕК. 16.05, 04.15 Т/Х «АУЫЛ МУҒАЛЫМ». 17.15 М/Ф «СҮЙКІМДІ СОФИЯ». 20.30 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 20.35, 05.00 ASHYQ ALAN. 22.30 ҚОҢЛІ ТОЛҚЫНЫ. 23.00 Т/Х «ЖАТ БАУЫР». 00.00 PARASAT MAIDANY. 00.35 ФУТБОЛ. 03.15 САНА.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 20.00, 02.10, 04.15 АҚПАРАТ. 07.05, 04.45 КҮЙ-КЕРУЕН. 07.40, 03.30 ЗИННАР. 08.25, 03.05 ШАҢЫРАҚ. 08.45 ҚОҢЛІ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.00, 19.00 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 12.00, 22.30 КОНЦЕРТ. 14.30 М/Ф. 16.10, 02.40 Д/Ф. 16.45 ТЕЛЕДӨРІГЕР. 20.20, 02.30, 04.35 AQRDA. 20.30 QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. 23.55 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 00.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 05.20 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАҢ. 06.05, 05.30 ЖӘДІГЕР. 06.30 АҚПАРАТ. 06.50, 02.20 AQRDA. 07.00, 04.40 КҮМІС КӨМЕЙ. 07.50, 03.50 Д/Ф. 08.35, 03.25 AQAУҮТ. 09.00 ҚОҢЛІ ТОЛҚЫНЫ. 10.00, 18.00 Т/Х «ЖАЗЫҚСЫЗ ЖҮРЕК». 11.00, 19.00 Т/Х «ҚЫЗҒАЛДАҚ МҰҢЫ». 12.00 QAZAQSTAN ДАУЫСЫ. 13.50 М/Ф «АЛҒА». 15.30, 22.00 КОНЦЕРТ. 17.00 АРНАЙЫ ЖОБА. 17.25 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 01.30 АРТА. 20.50 «ДАРА». 23.55 ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ. 00.00 Т/Х «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ». 02.30 БІРЕГЕЙ.

Дүйсенбі, 4 қыркүйек	Сейсенбі, 5 қыркүйек	Сәрсенбі, 6 қыркүйек	Бейсенбі, 7 қыркүйек	Жұма, 8 қыркүйек	Сенбі, 9 қыркүйек	Жексенбі, 10 қыркүйек
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 МЕҒАХИТ. «НА ГЛУБИНЕ 6 ФУТОВ». 07.00 ОЯН. 10.00, 00.00 БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ ЕҢБЕКТЕ. 10.30 М/Ф. 11.30 КҮНДЕЛІК. МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 АЙНАLINE. 15.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕВТЕР-3». 16.00 Т/Х «СЕЗОН ЛЮБВИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «СЕЗОН ЛЮБВИ». 07.00 ОЯН. 10.00 М/Ф «ГАВ И МЯУ». 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 00.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «СЕЗОН ЛЮБВИ». 07.00 ОЯН. 10.00, 00.00 БІЗГЕ ХАБАРТАСАҢ. 10.30 М/Ф. 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 16.00 Т/Х «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 07.00 ОЯН. 10.00, 00.00 В ФОКУСЕ. 10.15 АЛҒАШҚЫ. 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 ҰЙҚЫМ КЕЛМЕЙДІ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 16.00 Т/Х «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ». 07.00 ОЯН. 10.00 МЕНІҢ ӨМІРІМ. 10.30 JUR-JUBUMEN. 11.30 КҮНДЕЛІК. 12.00, 20.00 Т/Х «ШАХ САРАЙЫНЫҢ КҮПИЯЛАРЫ». 14.00 АЙНАLINE. 15.00, 22.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 18.00 НОВОСТИ. 18.20 ИТОГИ. 19.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.20 БІЗДІҢ МАҚСАТ. 23.00 МЕҒАХИТ. «ИСЧЕЗНУВШИЙ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «КІМ МЫҚТЫ?». 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 МЕҒАХИТ. «ИСЧЕЗНУВШИЙ». 12.00 М/Ф. 13.15 М/Ф «ГАВ И МЯУ». 13.30 STARTUP KZ. 14.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 14.30 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.00 АЛҒАШҚЫ. 17.00 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 19.00 КОНЦЕРТ. 21.00 7 КҮН. 21.40 «ГОЛОГРАММА ДЛЯ КОРОЛЯ», X/Ф. 22.40 СПОРТ ӘЛЕМІ. 00.10 ТӨРЛЕТІҢІЗ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ҚАРАҚАТПЕН ШАЙ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 «ГОЛОГРАММА ДЛЯ КОРОЛЯ», X/Ф. 12.00 М/Ф. 13.30 БАЛАКАЙ. 14.15 «ӘРЕКЕТ». 14.45 COVER SNOW. 16.30 Т/Х «ДЕТЕКТИВ ӘЖЕ». 19.30 JUR-JUBUMEN. 21.00 7 КҮН. 21.40 ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТИЧЕСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. 22.15 МЕҒАХИТ. «СТУКАЧ». 00.15 СПОРТ ТАЙМ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 4 қыркүйек	Сейсенбі, 5 қыркүйек	Сәрсенбі, 6 қыркүйек	Бейсенбі, 7 қыркүйек	Жұма, 8 қыркүйек	Сенбі, 9 қыркүйек	Жексенбі, 10 қыркүйек
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.. 12.00 Т/Х «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 01.00 Т/Х «УТРИОМ-РЕКА». 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.. 12.00 Т/Х «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 13.05, 01.00 Т/Х «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.. 12.00 Т/Х «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 13.05, 01.00 Т/Х «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.. 12.00 Т/Х «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 13.05, 01.00 Т/Х «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 03.00 НОВОСТИ. 14.20, 03.05 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 04.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 03.15 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/Х «НЕВСКИЙ. ОХОТА НА АРХИТЕКТОРА». 02.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00 Т/Х «ВНЕ ВРЕМЕНИ». 07.00, 03.45 «П@УТИНА». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ.. 12.00 Т/Х «ЖЕНСКИЕ СЕКРЕТЫ». 13.05 Т/Х «УТРИОМ-РЕКА». 14.10, 02.20 НОВОСТИ. 14.20, 02.25 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.35 KÖREMİZ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/Х «УЛЬТРАМАТУМ».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 08.00, 03.45 «П@УТИНА». 09.00 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.00 «КОРОТКОЕ СЛОВО НЕТ», X/Ф. 14.30 QOSLIKE. 17.15 DASTARXAN. 18.30 АЙНА. 19.00 «МАТЬ МОЕГО СЫНА». X/Ф. 21.10 «ХРУСТАЛЬНЫЕ ВЕРШИНЫ», X/Ф. 01.25 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.45 Т/Х «И НИКОГО НЕ СТАЛО».	06.00 ТОЙ БАЗАР. 07.20, 03.25 «П@УТИНА». 08.30 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.45 ПОЕХАЛИ! 09.35 ҚАЙМАҚ. 10.10 «КОРОТКОЕ СЛОВО НЕТ», X/Ф. 18.40 ӘГУТАЙ. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 «ХРУСТАЛЬНЫЕ ВЕРШИНЫ», X/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Адамды бұзатын не? Тағы да сол –
атақ, ақша, арақ. Осы үшеуі. Төртіншісі
әйел демеймін. Алғашқы үшеуінің буына
бөртпін, әйелдерді біз – еркектер бұзамыз.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



СЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬ

«ЖАСТАР АУЫЛЫ – 2023»



«Жастар - ел болашағы» десек, олардың жарқын келешегін бүгіннен бастап ойлау, жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, патриоттық тәрбиелеу, туған ел мен жерге деген сүйіспеншілікті арттыру - аға ұрпақтың парызы. Осыған орай, мажандық жас өрендер үшін 24 тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында «Аққайың» балалар демалу лагерінде «Жастар ауылы – 2023» жазғы лагері ұйымдастырылып, оған «Жасыл ел» еңбек жастар жасағының белсенді жастары, спортшылар, еріктілер мен сарбаздар қатысты.

Лагердің ашылуында алғаш болып сөз сөйлеген аудандық жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Мария Галайдына бұл маңызды шара екенін айтып, бұл күнді қызықты әрі сәтті өткізуге тілек білдірді.

Лагерге жиналған 30 жас екі жасакқа бөлініп, олар жұмыс бағдарламасына енген тренингтерге, блоктар бойынша жұмысқа және жастардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша шараларға қатысты. Бірінші кезекте, балалардың білімі сыналды, барлық қатысушылар үлкен шеңберге отырды және сипаттамаларға сәйкес олар өздері туралы қызықты фактілер туралы айтып берді. «Қалай табысты болуға болады» тренингі сәтті өтіп, онда ашық диалог форматында жастар өз-өзін байқап, өз жолын табуға көмектесетін факторды анықтады.

Аудандық аурухананың медицина қызметкері Ирина Сыркова жиналған жастар қауымына темекі шегудің алдын алу және электронды темекінің зияны, дене белсенділігі және дұрыс тамақтану туралы өңімелеп берді. Жастар медицина маманына қызығушылықпен сұрақтар қойып, оларға тиісті жауаптар алды.

Лагердің екінші бөлігі одан да қызықты өтті дегуе болады. Дәмді түскі астан кейін жастар «LIDER.KZ» және «Кезекті көмек» еріктілер қозғалысының жетекшісі Дамир Абдинмен кездесті, ол балаларға

еріктілердің қызметі мен олардың күнделікті өмірі туралы кеңінен айтып берді. Ондағы мақсаты - білім алушылардың назарын волонтерлік және еріктілік мәселелеріне аудару, волонтерлік қызметке қатысуға ынталандыруды арттыру еді. «Жастар ауылы – 2023» лагерінің барлық қатысушылары іс-шаралар кейін сертификат пен естелік сыйлықтарға ие болды.

Түсетін кейін ұйымдастырылған волейбол, арқан тарту, командалық эстафета сияқты спорттық ойындар жастардың басқосуына ерекше деңгей беріп, қызықты сәттер сыйлады. Барлығы керемет демалып, ләззат алды.

Лагері соңында «Ғажайыптар әлемінде» атты аниматорлар ұжымының қатысуымен қызықты би ұйымдастырылып, балалар көңілді конкурстарда өздерінің белсенділігі мен креативтілігін көрсетті.

Бұл күні ауданның түкпір-түкпірінен келген жастар жаңа достар тауып, көптеген пайдалы мәліметтер алды. Лагерден үйлеріне кетіп бара жатқан жастар кимастықпен қоштасып, бірге өткізген керемет естеліктерді өздерімен бірге алып кетті. Осыған орай, қызықты да пайдалы іс-шараға қатысқандардың барлығына үлкен алғысмызды білдіреміз. Біздің ауданымызда жастар лагерін өткізу облысы бойынша дәстүрге айналғанын мақтан тұтамыз.

Жастар ресурстық орталығы.

ЦИФРЛЫҚ ҚОҒАМ

ЦИФРЛЫҚ МАЙНИНГ ҚЫЗМЕТІН
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ЛИЦЕНЗИЯНЫ
ELICENSE.KZ ПОРТАЛЫНДА АЛУҒА
БОЛАДЫ

Енді цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыру үшін лицензия алу қажет. Мұндай лицензияны алу үшін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға elicense.kz порталында электрондық өтініш береді.

eLicense

Енді ҚР ЦДИАӨМ министрінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі №169/НҚ бұйығына сәйкес, цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыру үшін осы қызметтің түріне лицензия алу қажет.

Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыруға лицензия екі кіші түрлері бойынша беріледі:

I кіші түр – меншік құқығында немесе басқа да заңды негіздерде цифрлық майнинг деректерін өңдеу орталығы бар цифрлық майнердің цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруы;

II кіші түр – цифрлық майнинг деректерін өңдеу орталығы меншік құқығына немесе басқа заңды негіздерде жоқ және цифрлық майнинг деректерін өңдеу орталығында орналасқан цифрлық майнингке арналған өзіне меншік құқығында тиесілі ақпараттық-бағдарламалық кешенді пайдалана отырып, Цифрлық майнингті жүзеге асыратын цифрлық майнердің цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыруы.

Лицензия алу үшін elicense.kz порталында өтініш толтыру қажет. Өтініште цифрлық майнинг қызметін жүзеге асыру үшін деректерді өңдеу орталығының орналасқан жері мен электр

энергиясын алу тәсілі туралы мәліметтерді көрсетіп, қажетті құжаттарды (бұйрықтың 11-тармағы) қоса беру керек.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды. Лицензия «Менің лицензияларым» модулінде пайдаланушының «Жеке кабинетіне» жіберіледі және сақталады. Өтінім бойынша бас тартылған жағдайда дәлелді бас тарту нәтижесі «Менің өтініштерім» модулінде сақталады.

Сондай-ақ, дата орталығының мекен-жайын, заңды тұлғаның және жеке кәсіпкердің атауын мен орналасқан жерін өзгерту, қайта ұйымдастыру және ҚР заңнамасында қайта ресімдеу туралы талаптар болған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу қажет. Ол үшін «Жеке кабинетте» лицензияны таңдап, «Қайта ресімдеу» түймесін басып, қайта ресімдеу себебін көрсете отырып, өтінішті толтыру қажет.

Айта кеткен жөн, бұрын жарияланған цифрлық майнинг қызметі туралы ақпарат бұйрықтың шығуына байланысты жарамсыз болды.

Аталмыш қызмет ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер Комитетінің және Ұлттық ақпараттық технологиялар АҚ ақпараттық жүйелерін интеграциясы арқасында қолжетімді болады.

Динара МӘЖИТОВА.

«ҚАУЫРТ ЖЕЛІ» ЖҮМЫС ІСТЕЙДІ

ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!

«Мағжан жұлдызы» газетінің ұжымы аудан тұрғындарына газет беттерінде «Қауырт желі» айдары жұмыс істейтінін хабарлайды. Айдар жасаудың мақсаты: газет беттерінде сіздің мүдделеріңізді мүмкіндігінше толық көрсету. Сіз өз сұрақтарыңызды, ұсыныстарыңызды, жергілікті атқарушы органдардың, кәсіпкерлік құрылымдардың жұмысы және басқа да өміріңіз маңызды мәселелер бойынша ескертулеріңізді жолдай аласыз. Газет арқылы халық пен билік арасында байланыс орнатылады. Келіп түскен барлық сұрақтарға атқарушы биліктің тиісті құрылымдары мен қоғамдық ұйымдардан

құзыретті жауаптар берілетін болады. Редакция әрқайсыңыздың сұрақтарыңызға тиісті жауап алуына септігін тигізетін болады.

Сұрақтарды magzhan.zhuldizi@yandex.kz e-mail электрондық пошталына, 8-771-263-27-99 WhatsApp нөміріне немесе жазбаша түрде Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй мекенжайы бойынша «Мағжан жұлдызы» газетінің редакциясына жолдауға болады.

Жазыңыздар, қоңырау шалыңыздар, сұраңыздар. Сіздердің мәселелеріңіз жауапсыз қалмайды.

БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРДЫҢ
(АЛУШЫЛАРДЫҢ) ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ
ЖИНАУҒА ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМІ
НЕЛІКТЕН ҚАЖЕТ ЕКЕНДІГІНЕ
ТҮСІНІКТЕМЕ БЕРЕДІ

БЖЗҚ – Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржы және ақпараттық ағындарының бірыңғай әкімшісі және операторы. Ол заңнама талаптарына сәйкес салымшыларға (алушыларға) зейнетақы қызметтерін көрсетуге міндетті.

БЖЗҚ өзінің заңнамалық міндеттерін іске асыру кезінде салымшылардың (алушылардың), олардың сенім білдірілген адамдарының, заңды өкілдерінің дербес деректерін қамтитын ақпараттық жүйенің операторы/меншік иесі болып есептеледі. БЖЗҚ-дан қызметті алмасудың салымшы (алушы)/сенім білдірілген адам/заңды өкіл өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі береді.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ тек мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) қажетті ақпарат алмасуды жүргізеді. Мысалы, егер салымшы жеке көулігін жаңартқан болса, онда бұл деректер үкілетті мемлекеттік органдармен деректер алмасудың арқасында БЖЗҚ ақпараттық базасында автоматты түрде өзектендіріледі. Салымшының деректері жеке тұлғаларға берілмейтінін ескертеміз.

Заңнамада көзделген қызметтерді көрсету кезінде БЖЗҚ мемлекеттік органдар және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалар жататын үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелерімен (дерекқорларымен) ақпарат алмасуды жүргізеді. БЖЗҚ ақпараттық жүйесіндегі өтініш білдірген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері осындай алмасудың арқасында үнемі өзекті болып тұрады. Сіздің деректеріңіз жеке немесе басқа заңды тұлғаларға берілмейтінін ерекше атап өткізіміз.

Мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылдың және ақпарат алмасудың арқасында БЖЗҚ зейнетақы қызметтерін

көрсету кезінде өтініш білдірген адамнан оның құжаттары және (немесе) ақпараты мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерінде болған жағдайда көшірмелерін талап етпейді. Бұл БЖЗҚ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жедел және тиімді қызмет көрсетіп, алаяқтық фактілерін жойып отыратынын білдіреді.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы N 94-V Заңға (бұдан әрі - Заң) сәйкес дербес деректерді жинауды меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға үкілетті орган айқындайтын тәртіппен субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жүзеге асырады. Заңның 7-бабының 5-тармағында және 9-бабында (7-бабының 1-тармағы) көзделген жағдайлар, мысалы, егер ақпаратты жариялау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген болса, дербес деректерді жинау және өңдеу әкімшілік құқық бұзушылық, атқарушылық іс жүргізу туралы істерді қозғайтын және қарайтын құқық қорғау органдарының, соттардың және өзге де үкілетті мемлекеттік органдардың қызметін жүзеге асыру үшін қажет, мемлекеттік органдардың дербес деректерді статистикалық мақсаттар үшін оларды иесіздендірудің міндетті шартымен пайдалануы, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайлар бұған жатпайды.

Сондай-ақ, заңда кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек қатынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер өздеріне белгілі болған адамдар олардың құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті екендігі көзделген (11-бап 2-тармақ).

Директор - бас редактор Нелі ГОНЧАР	Редакцияның мекен-жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басшының телефоны: 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz	Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады	«Magjan Jyldyz» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылды. (Петровка к., Коммуна к-сі, 5 үй). Тарауымы - 665	Газет аудан әкімінің, аудандық мәжілістің заңсыздығы бойынша шығарылады және газеттер арналы мемлекеттік ақпараттық саясаты жүргізуіне ресми басшылық болып табылады
--	--	---	--	---

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылғы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақсала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қоғамдық, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәтініне айналады, ренжінділмейді, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселесі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.